

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1174

Қазақстан Республикасында шаруашылық жүргізуші субъектілерге активтерін, міндеттемелерін және меншік капиталын бағалау әдістерін таңдап алу құқығын берген реформаланған бухгалтерлік есеп жүйесінің енгізілуіне және экономиканың тұрақтану тенденциясының байқалуына, инфляция деңгейінің төмендеуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу субъектілерге негізгі қорларды (қаражатты) индекстеу тәртібі мен ережелері туралы заңдарға сәйкес дербес шешім қабылдау ұсынылсын.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасында негізгі қорларды (құрал-жабдықтарды) индекстеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 44, 475-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 шілдедегі N 958 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 275-құжат);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 шілдедегі N 889 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 30, 275-құжат).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК